

Мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 468 "Қостанай облысының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 101 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 6808 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 251 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 12.11.2025 № 251 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабы 1) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 468 "Қостанай облысының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6157 тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидаларында:

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Облыстың жергілікті атқарушы органы тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Облыстың жергілікті өкілді органы мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.";

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауызсу мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.";

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Су пайдаланушы облыстың жергілікті өкілді органынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға тыйым салынатыны және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді."

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облыстық мәслихаты
сессиясының төрайымы*

Г. Капенова

*Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

С. Ещанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи
ресурстар және табиғат пайдалануды
реттеу басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Ә. Маукұлов

2016 жылғы 13 желтоқсан